

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 23 сәуір N 638. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ережелерді және запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 40, 439-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Аталған қаулымен бекітілген Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы ережеге:

5 - т а р м а қ т а :

екінші абзац "мен оқытушылары" деген сөздерден кейін "сондай-ак ассистенттері" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери кафедралардың офицерлік құрамы үшін штаттық-лауазымдық санаттарды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Білім және мәдениет министрлігімен бірлесе отырып, жоғары оқу орнының мәртебесіне және әскери кафедрада оқитын студенттердің (курсанттардың) санына сәйкес белгілейді";

6-тармақтың төртінші абзацы мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Ассистенттердің саны кафедраның профессорлық-оқытушы құрамының адам санының 15 проценті шегінде белгіленеді";

15-тармақтағы "10, 20, 40" сандары тиісінше "20, 30, 50" сандарымен ауыстырылсын.

2. Аталған қаулымен бекітілген Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша

студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының тізбесі мынадай редакцияда жазылсын:

" Университеттер

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Алматы қаласы

Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қаласы

Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Алматы қаласы

С.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медициналық университеті,

А л м а т ы қ а л а с ы

Қазақ мемлекеттік заң университеті, Алматы қаласы

С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті, Шымкент қаласы

Медициналық академиялар

Ақмола мемлекеттік медициналық академиясы

Ақтөбе мемлекеттік медициналық академиясы

Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясы

Семей мемлекеттік медициналық академиясы

Институттар

Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты, Тараз қаласы

Қарағанды металлургия институты, Теміртау қаласы

Басқа оқу орындары

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кеңестер

Одағының екі мәрте Батыры Т.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери

а в и а ц и я л ы қ у ч и л и щ е с і

Азаматтық авиация академиясы, Алматы қаласы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі